

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі № 48 " Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 29 қаңтардағы № 33 бұйрығы. Қазақстан республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылғы 1 ақпандағы № 6762 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2013 жылғы 8 қаңтардағы № 6 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 08.01.2013 № 6 бұйрығымен.**

«Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңының 24-бабын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі № 48 «Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1813 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, № 19, 608-қ ұ ж а т ) м ы н а д а й өз г е р і с :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Тексеру жоспарларын әділет органының бірінші басшысы (немесе оның міндетін атқарушы тұлға), тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдеріне сәйкес б е к і т е д і . » .

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Р. Түсіпбеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК